

Мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар оларды кейіннен қайта өңдеу мақсатында сатып алатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 141 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 сәуірде № 10645 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 691 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 691 бұйрығымен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 14-бабының 9) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар кейіннен қайта өңдеу мақсатында сатып алатын тауарлардың тізбесі
б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті (С.М. Ахметов) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Министр</i>	<i>Б. Сұлтанов</i>
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы	м и н и с т р і н і ң

**Мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының
(жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) елу және одан
да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен
үлестес заңды тұлғалар кейіннен қайта өңдеу мақсатында
сатып алатын тауарлардың тізбесі**

1. Ауыл шаруашылық тауарлары:
 - 1) бидай және меслин:
 - қатты бидай;
 - егіске арналған спельта;
 - басқа да спельталар, жұмсақ бидай және тұқымдық меслиндер;
 - 2) кара бидай;
 - 3) арпа;
 - 4) шитті мақта;
 - 5) таралмаған мақта талшығы;
 - 6) мақта талшығы, таралған немесе тарақпен таралған;
 - 7) мақта тұқымы;
 - 8) рапс, рапс тұқымы.
2. Өнеркәсіп тауарлары:
 - 1) тантал сынығы;
 - 2) кара және түсті металдар мен олардың қорытпалары;
 - 3) кара және түсті металдар мен олардың қорытпаларынан жасалған бұйымдар:
 - жазық (табақ, таспа, фольга), сұрыптық (шеңбер, шыбық, бұрыш, төрт бұрыш, алты қырлы, швеллер, тавр, двутавр) илектер, құбырлар, түтікшелер;
 - 4) сүрек, ағаш материалдары;
 - 5) мұнай;
 - 6) этилбензол;
 - 7) стирол;
 - 8) пентан;
 - 9) изо-пентан.